

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ішкі су жолдары туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 21 желтоқсан N 1429. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ішкі су жолдары туралы осыған қоса берілген Ереже бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 21 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына

Бекітілген
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ішкі
су жолдары туралы

ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары айрықша оның меншігіне жатады және жалпы пайдаланымдағы жолдар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес табиғатты қорғау және су ресурстарын пайдалануды басқару органдарымен келісілген кеме қатынастары үшін ашылған ішкі су жолдарының тізбесі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

2. Кемелер жүретін ішкі су жолдары навигация кезеңінің белгіленген мерзімінде, меншік нысаны мен бағыныштылығына қарамастан, кемелер жүзуінің толассыздығы мен қауіпсіздігі гидротехникалық ғимараттардың / шлюздердің/ жұмыс атқаруын, су жолдарын пайдалану кезінде экологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

3. Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарына кемелер жүргізілуін

басқаруды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі департаменті, ал оларды ұстау мен пайдалануды су жолдарының мемлекеттік кәсіпорындары, солардың құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.

4. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген міндеттерге сәйкес су жолдарының мемлекеттік кәсіпорындары, олардың құрылымдық бөлімшелері мынадай функцияларды орындайды:

су қорғау заңдарының талаптарын ескере отырып және табиғатты қорғаудың, су ресурстарын басқарудың мемлекеттік органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен және басқа да арнайы уәкілдікті органдармен келісу бойынша лайықталған сұлбалары мен кеме жүрісінің тазалығын қамтамасыз ететін су түбін тереңдету, түзеу, арна тазалау, тралдау мен басқа да жұмыстарды атқарады;

кеме жолдары мен кеме жүзу ғимараттарының навигациялық қоршауын ұстайды;

кеме жолының жайы, жүзу мен гидрология жағдайлары туралы, кеме қатынасына әсер ететін параметрлердің өзгеруі жайында кеме жүргізушілерді хабардар етеді;

кеме жүзу гидроғимараттарын /шлюздерді/ тұзу қалпында ұстайды және олар арқылы кемелердің өткізілуін қамтамасыз етеді;

қарауындағы ішкі кеме қатынасы жолдарына көпірлер мен басқа ғимараттары бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің көпір маңындағы учаскелерде және басқа ғимараттарда кеме жүзуінің жеткілікті қауіпсіздігін қамтамасыз етуші навигациялық қоршау белгілерін ұстау жөніндегі талаптардың орындалуын бақылайды;

ведомстволық және өндірістік табиғатты қорғау бақылауын жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі департаменті кеме жүзу мақсатына арналған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік кеме қатынасы су жолдарын пайдалануды реттеуші орган болып табылады.

6. Су жолдары мемлекеттік кәсіпорындарының, олардың құрылымдық бөлімшелерінің:

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетімен бірлесе отырып, ішкі кеме қатынасы су жолдарында көпірлер, су асты және су беті өткелдерін, су жиналымдарын, айлақтық құрылғылар мен басқа ғимараттарды жобалау мен салуға келісудің техникалық шарттарын беруге; <*>

табиғатты қорғау, су ресурстарының басқармасы органдарымен келісе отырып, белгіленген тәртіппен жағалау алқабының бөлінген учаскелерді

навигациялық қоршау белгілерін орнату, олардың жақсы көрінуі үшін тоғайларды шабу, кемелердің айлығы үшін, жүктерді тиіп-түсіру үшін құрылғыларды қондыру үшін пайдалануға;

жабдықтау бригадаларының қызметкерлеріне қызметтік жәйлар салу үшін, белгілер мен құрал-саймандар сақтау үшін, уақытша қыстап шығу жайларын салу үшін жағалаудан тыс жерлерден белгіленген тәртіппен бөлінген учаскелерді п а й д а л а н у ғ а ;

қоршаған ортаның ластануын болдырмау жөнінде бірлесіп шаралар жасау мақсатында, кемелер апатқа ұшыраған немесе кездейсоқ қыстап шығуға мәжбүр болған кезде жүргізілетін жұмыстар туралы табиғат қорғау органдарына х а б а р л а у ғ а ;

көлемі осы жолдың бөлігінде рұқсат етілгеннен /құрамалардың ұзындығы мен ені, бату тереңдігі, түбіндегі судың тиісті қоры және т.б./ асып кететін кемелер мен құрамалардың қозғалысына тыйым салуға;

көлемі осы шлюз үшін рұқсат етілгеннен асып кететін кемелердің шлюз арқылы өтуіне жол бермеуге;

жолдың белгілі бір учаскесінде жүзу қауіпсіздігіне қауіп төнген кезде кемелердің қозғалысына тыйым салуға;

Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарын пайдаланудың тәртібін бұзған кеме иелерінің лицензиясын жою туралы, сондай-ақ заңдағы тәртіппен белгіленген басқа да жауапкершілік шаралары туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі департаментіне ұсыныс е н г і з у ғ е қ ұ қ ы б а р .

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.23. N 1322 қаулысымен.
Р 9 8 1 3 2 2 _

7. Ішкі су жолдарының кәсіпорындары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулыларын және өкімдерін, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кабинетінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің нормативтік актілерін, осы Ережені және мемлекетаралық келісімдерге сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында пәрменді нормативтік құжаттарды басшылыққа а л а д ы .

8. Ішкі су жолдарының қызметін және жол шаруашылығы кәсіпорындарының өз міндетін атқаруын реттейтін нұсқауларды, техникалық ережелер мен басқа да нормативтік құжаттарды мемлекеттік экологиялық сараптаудан өткеннен кейін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі бекітеді.

9. Кеме жүретін су қоймаларында құрылыс: көпірлер, бөгеттер, су асты мен су беті өткелдерін, байланыс желілерін, электр желілері мен труба құбырларын,

су іркуіштер, паром өткелдерін, айлақтық құрылыс пен басқа да құрылғылар салуға, Қазақстан Республикасы Су кодексінің /20-бап/ талаптарын міндетті түрде орындаған кезде су жолдары мемлекеттік кәсіпорындарының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетімен келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.23. N 1322 қаулысымен.
Р 9 8 1 3 2 2 _

10. Қарауында көпірлер, бөгеттер, ішкі су жолдарының басқа да құрылыстары бар шаруашылық жүргізуші субъектілер навигациялық қоршауды / тұрақты және жүзу белгілері/ және кемелердің құрылыс маңайынан өтуінің қауіпсіздігін, бекітілген ережелерге сәйкес су қоймаларынан су өткізуді өз есебінен қамтамасыз етуге, табиғат қорғау органдарымен келісе отырып, құрылыс маңайында су түбін тереңдету мен тазарту жұмыстарын жүргізуге, ішкі су жолдары бойынша жүзу ережелеріне сәйкес, қалқымалы көпірлердің астынан кеме жүретін аралық жол ашуға /кеме иелерінен қандай да бір ақы алмай/ м і н д е т т і .

11. Кеме жүзуінің шарты бойынша су бассейндерінің разрядын белгілейді. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар Министрліктің Көліктік бақылау комитеті жүргізеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.23. N 1322 қаулысымен.
Р 9 8 1 3 2 2 _

1 2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.12.23. N 1322 қаулысымен.
Р 9 8 1 3 2 2 _

13. Мемлекеттік ішкі су жолдары бойынша теңіз және өзен көлігімен жүктерді әрі жолаушыларды тасымалдау жөніндегі коммерциялық-кәсіпкерлік қызмет, қарауында кемелер бар шаруашылық жүргізуші субъектілерге Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі меншік нысанына қарамастан беретін лицензия бойынша жүзеге асырылады.

14. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігінің департаменті су жолдарының мемлекеттік кәсіпорындарына ішкі су жолдарын алдағы жылы күтіп ұстауға төмендегі көрсетілген тапсырмаларды белгілейді:

су жолдарының ұзындығы;

олардағы кеме жүрісінің ауқымы /тереңдігі, ені, айналу радиусы/;

навигациялық қоршаудың санаты /жарық берілген, жарық қайтаратын, жарық бермеген / ;

навигациялық қоршау мен кеме жүрісінің гидротехникалық құрылысын бастаған және аяқтаған күндер.

15. Ішкі су жолдары, кеме жүру шлюздары мемлекеттік кәсіпорындардың, Кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясының қызметі республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

16. Транзиттік кеме қатынасы мен ортақ пайдаланымдағы айлақтардағы өндірістік тапсырма шегіндегі жұмыстар ғана республикалық бюджет қаражатының есебінен орындалады. Басқа барлық жұмыстар мен қызмет көрсетулерді, сондай-ақ тапсырмада көрсетілген, бірақ онда белгіленген мерзім немесе параметр шеңберінен басқа жұмыстар мен қызмет көрсетулерді меншік нысанына қарамастан, мүдделі заңды ұйым мен жеке адамдардың өтінімі бойынша, шарттық негізде және солардың есебінен су жолдарының мемлекеттік кәсіпорындары орындайды.

17. Бір облыс шегіндегі тасымалдауды жүзеге асыратын су жолдарына қызмет көрсетуші кәсіпорындар осы облыстың жергілікті бюджеті есебінен ұсталуы мүмкін. Бұл жағдайдағы қаржыландырудың мөлшерін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі департаменті жалпы тәртіппен берген өндірістік тапсырма негізінде жергілікті атқару органдары айқындайды.

18. Ішкі су жолдарының мемлекеттік кәсіпорындары мен олардың құрылымдық бөлімшелері су жолдарының барлық белгіленген параметрлері бойынша, өндірістік тапсырмалардың толық, әрі сапалы орындалуына, бюджет қаражатының тиімді және нысаналы пайдаланылуына жауап береді. Бөлінген бюджет қаражатының нысаналы пайдаланылуына бақылауды Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі департаменті, сондай-ақ қаржыны бақылау органдары жүзеге асырады.